

Бекітілді: 
№ 23 «Ынтымақ» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі: Урынтаева Р.Ж.
01.08.2021ж.



**2021 – 2022 оқу жылына арналған ересек «Еркемай» тобының
вариативтік бөлім жоспары**

«Табиғат әлемі»

2021 – 2022 оқу жылы.

Түсіндірме хат

«Табиғат әлемі» тақырыбы барысында балаларға бізді қоршаған орта:жан-жануарлар,жәндіктер,балықтар мен өсімдіктер,Жер мен Ай,Күн мен алыстағы жұлдыздар осылардың барлығы «**табиғат**» деген ұғымды білдіретіні туралы білім беру. Бұл вариативтік оқу қызмет арқылы балалар көптеген мағұлмат алады.Балалардың табиғатты аялауға,қорғауға деген сүйіспеншіліктері артады.

«Табиғат әлемі.»үйірмесі балаларды қоршаған ортаны өзен мен көлдердің ластамауын,жайқалып өсіп тұрған ағаштардың жапырақтарын жұлмауын,сындырмауын жас ұрпақтың бойына сіңіру.

Мақсаты:Қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтуге дағдыландыру. Табиғат байлығын,сұлулығын сезіне білуге, табиғат көрінісін әңгімелеп,бейнелей білуге үйрету. Табиғатты сүйуге,аялауға,қамқор бола білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Табиғаттың жолында аянбай еңбек ету керектігін(гүлдерге,ағаштарға су құю,құстарға жем беру)және табиғатты аялап қорғау керектігін білетін болады.

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілдері	Керекті құралдар	Сағаты
Қыркүйек айы	1-апта	«Мен және айналамдағы әлем»	Табиғаттағы өзінің орнын түсіну талаптарын үйрету, өз өзіне оң баға беру қажеттілігі, өз күшіне сенімін бекіту, дербестікті және өз өзін қадірлеуді балалар бойына қалыптастыру.	Түсіндіру Сұрақ-жауап Дид/қ ойын: «Мен»	Тақырыпқа байланысты үлгі суреттер.	1
	2-апта	«Достарыммен бақытты бір әлем»	Біз бәріміз біртұтас әлем екенімізді, әр ұлт өкілдерін берік достық қана біріктіріп тұратындығы жайлы түсінік беру. Өздерінің достары жайлы, олардың тартымды қылықтары туралы әңгімелей білуді үйрету.	Сурет, слайд бойынша көрсетіп, түсіндіру. Дид/қ ойын: «Менің досым»	Тақырыпқа сай суреттер	1
	3-апта	«Бақ-бақ»	Бақ-бақ өсімдігінің құрылысымен таныстыру	Түсіндіру Сұрақ-жауап Күз туралы тақпақ жаттату. Бақ-бақ гүлін бояту.	Слайд, үлгі суреттер.	1
	4-апта	«Күз өзімен бірге не әкелді?» Серуен	Күздің қасиеттерімен, тірі және өлі табиғаттың жағдайымен таныстыру.	Дид/қ ойын: «Тірі және өлі табиғатты ажырат» Слайд көрсету т.б	Слайд, үлгі суреттер.	1

Қазан айы	1-апта	«Дала,бөлме гүлдері.»	Дала ,бөлме гүлдерін ажырата білуге үйрету.	Түсіндіру,көрсету. Сұрақ-жауап.	Слайд,үлгі суреттер.	1
	2-апта	«Ғажайып ағаш»(Қайың)	Ағаштар туралы,олардың құрылысымен таныстыру,тамыры, діңі,бұтақтар, жапырақтар туралы түсіндіру.	Дид/қ ойын: «Көкөністермен жемістерді ажырат» Слайд көрсету т.б	Слайд,ағаштардың суреттері.	1
	3-апта	«Өсімдік табиғаттың бір бөлігі»	Балаларға өсімдік табиғаттың ажырамас бөлігі екенін түсіндіру.Табиғатқа қамқор болуға үйрету.	Түсіндіру Сұрақ-жауап	Слайд,үлгі суреттер.	1
	4-апта	«Алтын күз»	Балаларды күздің ерекшеліктерімен таныстыру.	Түсіндіру Сұрақ-жауап	Слайд,күздің суреттері.	1

Қараша айы	1-апта	«Жанды табиғат және жансыз табиғат»	Жанды және жансыз табиғат туралы қарапайым түсінік беру.	Түсіндіру Сұрақ-жауап Көрсету.	Тақырыпқа байланысты үлгі суреттер.	1
	2-апта	«Құстардың алаңында»	Құстар туралы жалпы түсінік беру. Үй құстарымен дала құстарын ажырата білуге үйрету.	Түсіндіру Сұрақ-жауап. Дид/қ ойын: «Үй құсы ма, дала құсы ма?»	Слайд, үлгі суреттер.	1
	3-апта	«Жабайы жануар, аю»	Балаларды жабайы жануар аюмен таныстыру, аю туралы түсінік беру, жануарларға қамқорлықпен қарауды тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету. Сұрақ-жауап.	Слайд, үлгі суреттер.	1
	4-апта	«Су дегеніміз не?»	Балалардың адам өмірінде және табиғатта судың қажеттілігі туралы білімдерін байыту.	Сұрақ-жауап, сурет бойынша әңгімелеу, Мақал жаттату: «Судың да сұрауы бар»	Тақырыпқа байланысты үлгі суреттер.	1

Желтоқсан айы	1-апта	«Жабайы жануар, түлкі»	Қыс туралы білімдерін бекіту, түлкінің сыртқы келбеті, орманда қалай тұратынын және табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	Әңгімелесу, түсіндіру, өлең жаттату,	Тақырыпқа сай үлгі суреттер	1
	2-апта	«Қазақстан-байтақ далам»	Қазақстанда мекен ететін, әртүрлі ұлт өкілдерінің өздеріне тән мәдениеті бар екені жайлы түсініктерін кеңейту. Әр түрлі өкілдерінің бір-біріне сеніммен қарап, қарым-қатынас жасауына жағдай жасау.	Түсіндіру, көрсету. Сұрақ-жауап. «Достық» туралы мақал жаттату.	Тақырыпқа байланысты суреттер	1
	3-апта	«Туған өлке жануарларымен» бейне фильм тамашалау	Балаларға өз туған жерінде мекендейтін жануарлар туралы әңгімелеу, оларға деген қамқорлық сезімдерін ояту.	Бейне фильм тамашалату, әңгімелеу, сұрақ-жауап т.б	Бейнефильм	1
	4-апта	«Жаңбыр кімге керек?»	Балаларға жаңбыр туралы түсінік беру, қандай пайдасы барын түсіндіру.	Түсіндіру, әңгімелеу, Сұрақ-жауап т.б.	Тақырыпқа байланысты суреттер	1

Қаңтар айы	1-апта	Ызғарлы қыс келді.	Қысқы табиғатты бақылап, қарапайым өзгерістерді атай білуге үйрету. Қысқы табиғат құбылыстары (қардың жауғаны, аяз туралы) түсініктерін кеңейту.	Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап.	Бөлме гүлдері.	1
	2-апта	«Туған өлке байлықтары»	Атырау қаласынан шығатын қазба байлықтары туралы түсінік беру. Балаларды туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Әңгімелесу, көрсету, сұрақ-жауап, ойын ойнату. т.б	ойынға қажетті заттар.	1
	3-апта	«Өсімдіктерді суаруды үйренеміз»	Бөлме гүлдері туралы білімдерін кеңейту. су сепкіштен өсімдіктерді суару икемділігін бекіту.	Әңгімелесу, көрсету, сұрақ-жауап, гүлдерді суару.	Тақырыпқа байланысты суреттер	1
	4-апта	«Туған өлке өсімдіктері» (Бейнефильм қарау)	Балаларға өз туған өлкемізде қандай өсімдіктер өсетіні туралы бейнефильм көрсету арқылы түсіндіру. Сонымен қатар оларға үнемі қамқорлық жасай жүруге тәрбиелеу.	Сурет бойынша әңгімелету, сурет салғыздыру, Дид/қ ойын: « Не артық? »	Диски, ойынға, сурет салуға керекті құралдар.	1

Ақпан айы	1-апта	«Бөлме өсімдіктері»	Балаларға табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы білімдерін толықтыру.	Әңгімелесу, көрсету, сұрақ- жауап	Слайд, үлгі суреттер.	1
	2-апта	«Туған өлке табиғаты.»	«Туған өлке табиғаты.» Балалардың табиғаттағы адамдардың жүріс-тұрыстары мен қоршаған ортаның жағдайымен өзара байланысы туралы түсініктерін кеңейту, туған өлке табиғатының ерекшеліктері туралы түсіндіру, ізгі ниеттерді, білімге деген құштарлықты, қоршаған табиғатты сақтау қажет екенін түсіндіріп тәрбиелеу.	Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, сурет салғыздыру, мақал жаттату. т.б	Үлгі суреттер	1
	3-апта	Туған өлкедегі өзен-көлін мекендейтін балықтар.	Туған өлкедегі өзен-көлдегі мекендейтін балық түрлерімен таныстыру. Балықтың пайдасы және оның тіршілігі туралы білім беру.	Бейнефильм тамашалату, сұрақ-жауап, жұмбақ жасыру, ойын ойнату т.б	Үлгі суреттер, диск	1
	4-апта	Қазақстанда өсетін ағаштар, бұталар.	Өзін қоршаған ортадағы өсімдіктерді үш топқа(ағаштар, бұталар, шөптесін өсімдіктер)жіктей білуге үйрету. Өзінің туған өлкесінде өсетін ағаштармен таныстыру.	Слайд тамашалату, сұрақ-жауап, сурет салғыздыру т.б	Үлгі суреттер, слайд	1

Наурыз айы	1-апта	«Жыл басы – Наурыз»	«Жыл басы –Наурыз» Балаларға ұлттық мереке мен салт-дәстүрлерді айқындап көрсету	Слайд көрсету,сұрақ-жауап, Көктем туралы тақпақ жаттату.	Слайд,үлгі суреттер	1
	2-апта	«Көктем келді»	Көктем мезгіл туралы түсініктерін бекіту.Көктемгі ерекшел-ді айтып беру	Слайд,сурет бойынша түсіндіру,әңгімелеу. Сұрақ-жауап, Дид/қ ойын: «Жыл мезгілін ата»	Тақырып бойынша слайд,суреттер	1
	3-апта	«Көктемгі құпиялар»	Балаларға табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін жалғастыру.Табиғатта,ауа райында,жануарлар мен өсімдіктер әлемінде, адамдардың киімдерінде маусымдық өзгерістерді байқай білуге үйрету.	Слайд,суреттер көрсету,жұмбақтар жасыру,сұрақ-жауап,Сурет бойынша әңгімелету,ойын ойнату.т.б	Слайд,үлгі суреттер	1
	4-апта	«Ағаштар бүрленді»	Ағаштардың бүршік атқанын бақылату.	Көрсету,түсіндіру,ойындар ойнату,сұрақ-жауап т.б	Үлгі суреттер.	1

Сәуір айы	1-апта	«Ауыл алаңында сиырмен танысу»	Балаларды сиырмен және бұзаумен, олардың ерекшеліктерімен таныстыру.	Жұмбақ жасыру, сұрақ-жауап, сурет арқылы әңгімелету. т.б	Диск, суреттер	1
	2-апта	«Туған жерім тамаша» М Әлімбаев	Балаларға өлең жолдарын түсіндіріп, өз туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, өлеңді түсініп жатқа айта алуға үйрету.	Өлеңді жаттатыру, слайдпен түсіндіру, сұрақ-жауап, Дид/к ойын: «Дәл тап»	Слайд, суреттер	1
	3-апта	«Жер-біздің ортақ үйіміз»	Жердің барлық тіршілік иесінің ортақ үйі екенін ұғындыру.	Әңгімелесу, көрсету, сұрақ- жауап	Слайд, суреттер	1
	4-апта	«Туған өлке құстары» бейне фильм тамашалау	Балаларға өлкемізде мекендейтін және үй құстарының түрлерімен және олардың тіршілігі туралы түсінік беру. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	Әңгімелесу, көрсету, сұрақ- жауап	Слайд, суреттер	1

Мамыр айы	1-апта	«Ақ көгершін» өлеңі	Бейбітшілік күніне тақпақ жаттау.Мереке туралы айтып беру.	Әңгімелесу, көрсету,сұрақ-жауап,тақпақ жаттау.	Үлгі суреттер	1
	2-апта	«Ер есімі - ел есінде»	Жеңіс күні суреті бойынша әңгіме құрастыру арқылы балалардың сөздік қорын дамыту	Әңгімелесу, көрсету,сұрақ-жауап,тақпақ жаттау.	Тақырып бойынша слайд,суреттер	1
	3-апта	«Көктемде жәндіктер;көбелек, қоңызбен»	Көбелектер мен қоңыздар атауын,сыртқы келбетін айыра білу.	Әңгімелесу, түсіндіру,көрсету,сұрақ-жауап,	Үлгі суреттер	1
	4-апта	«Біз не үйрендік?»	Табиғатқа серуенге шығып,табиғат туралы әңгіу,табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.	Әңгімелесу, түсіндіру,көрсету,сұрақ-жауап,	Үлгі суреттер	1

